

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢСЫЗ АҢШЫЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының өзекті мәселелерінің бірі заңсыз аңшылық болып отыр. Заңсыз аңшылық салдарынан Қазақстан Республикасының жануарлар әлемінің ішінде өте сирек кездесетін және құрып кету қауіпі бар жануарлар ортасына орасан зиян келтірілуде.

Сондықтан бүгіннен бастап, осы жоғарыдағы айтылған мәселені қолға алмасқа болмайды. Саны күннен-күнге азайып бара жатқан жануарлар дүниесін қатаң қорғауға алу қажет.

Браконьерлік мәселесін алғаш көтерген — Ішкі істер министрлігі. Қазір онымен ИМ-і, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Қаржы министрлігі бірігіп, ведомствоаралық деңгейде күрес жүргізуде. Бұрын әрқайсысы онымен өз бетінше, жеке-жеке күресетін. 2000 жылдан бастап алғаш біріккен «Қақпан» операциясы жүргізіліп, елеулі қоғамдық резонанс тудырды¹.

Өсіресе заңсыз аң аулаушылар қазіргі кезде көбіне ермек үшін, пайда табу үшін аң аулауға шығады. Оның ішінде өзіміздің құқық қорғау қызметкерлері және басшылық құрам тарапынан осындай ақаулықтар орын алуда.

Осы бір мәселеге байланысты жануарлар дүниесін қорғауды бұдан да жақсы, әрі тиімді жолға салу керек екенін айтқымыз келеді. Мысалы, Еуропа мемлекеттерін алар болсақ, қымбат аң терісінен жасалған киім-кешек киген адамдарды қатаң жазалауда. Бұл мәселеге тек жануарлар дүниесін қорғауға міндеттенген органдар ғана емес, қоғам болып араласу үстінде.

Дәл осындай шараларды бізде де қолданған өте дұрыс деп санаймыз. Себебі, өзі де жағдайы мәз емес жануарлар әлемін заңсыз аң аулаушылар одан бетер құрту үстінде. Қазіргі таңда жануарлар дүниесіне қадағалау, бақылау жасаушы органдар жұмысы салғырттау. Жануарларды пайдалану және аңшылықпен айналысуға қойылған тарифтер бағасын көтеру қажет деп есептейміз. Қазіргі аңдарға мемлекет тарапынан қойылған тариф бағалары төмен дәрежеде болу себебінен браконьерлік факт белең алуда.

Дәл осындай бағытпен жүре берсек, жануарларды жер бетінен жаппай жоғалтып алуымыз ғажап емес. Бұл жоғалтып алған жануарлар орнын толтыру оңайға түспейтіні белгілі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 288-бабында заңсыз аңшылыққа жауапкершілік қарастырылған. Ал жануарлар әлемін қорғау, пайдалану және өсімін молайту туралы заңнамада аң аулаудың мерзімі, тәсілдері, аң аулау аумақтары, тыйым салулар нақты айқындалған². Бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген жауапкершілік әлі де болса, жұмсақтау. Осы мәселеге бай-

ланысты заңсыз аңшылыққа қолданылатын жауапкершілікті қайта қарап, қатаңырақ жауапкершілік көзделсе дұрыс болар еді. Мысалы, Қытай халық республикасында сирек кездесетін панда аңын аулағаны үшін ату жазасы көзделген. Бізде де осындай қатаңырақ шараларды неге қолданбасқа?

Браконьерлердің басым көпшілігінің кәсібі бекіре балығын аулау елімізде белең алған. Себебі бекіре балығының уылдырығы әлемге әйгілі, тек Қазақстан Республикасы үшін ғана емес. Сол себептен де браконьерлердің бекіре тұқымдас балығына көп қызығушылық танытуы белгілі. Уылдырық Қазақстан Республикасының экспортқа шығаратын тауар өнімдерінің ішіндегі қымбаты және негізгі кіріс көзі.

Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз аңшылықпен тек өз азаматтарымыз ғана емес, Әзірбайжан Республикасының, Ресей Федерациясының браконьерлері де түрлі сылтау айтып мемлекет шекарасынан өтіп аң аулап ұсталуда.

Мысалы, Қарағанды облысы бойынша 2005 жылғы табиғат қорғау прокуратурасымен жыл бойғы құрықталған заңсыз аңшылық фактілер саны 12, соның 4-еуі ғана сот қарауына жеткізілген. Міне, осы көрсеткіштің өзі құқық қорғау органдарының қаншалықты жұмыс істеп жатқандарының дәлелі. Бір жыл ішінде 4-ақ браконьердің жауапкершілікке тартылуы мүмкін емес қой. Мұндай заңсыз аңшылықтан түскен өнімдер балалар немесе бөбек қоры секілді мекемелерге, мемлекеттік стандартта тапсырылуы қажет.

Мысалы, Тибет медицинасы үшін таптырмайтын шикізат көзі болып табылатын киіктің мүйізі контрбандамен Қытайға аттандырылады. 2000 жылы біздің республикамызда киік аулаумен айналысқан Қарақалпақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінің азаматтарын құқық қорғау органдары ұстады. 2000 жылдың басында осы облыста 100 киікті атып алғаны үшін 3 адам ұсталған³.

АҚШ-тың экологиялық мәселесі 200 жыл бұрын көтерілген. Оларда табиғатқа зиян келтіруді бақылап, шара қолданумен арнайы айналысатын — федералдық агенттік бар⁴.

Арзан табысқа алданып, бір күндік болмашы олжа үшін көзі қарайған азаматтардың бұл айқын ақиқатты түйсініп, саналарымен сезінуі, расында, екіталай. Сондықтан да бұған қатысты қылмыстық жаза жүйесін ой елегінен өткізіп, қажетті өзгерістер қолдануда артық болмас.

А. Көксегенова. Болашаққа қалдырар басты байлық табиғат. // Сақшы. № 19. 2002.

«Жануарлар әлемін қорғау, пайдалану және өсімін молайту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 ж. 9 шілдедегі Заңы

³ А. Сартайұлы. Браконьерлерді ауыздықтаудың оңайға соқпайтын түрі бар // Атамекен. 2002 ж. 10 сәуір.

⁴ Көрсетілген еңбек.